

БЕКІТІЛДІ

Берегей акционердің шешімімен

(«Казкоммерцбанк» АҚ директорлары кеңесінің

2015 жылғы «24» сәуірде № 4.3 хаттамасы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕҮДЕН	
1997 ж. 30 10	еткізілді
№ 14213-1910-АК	
күнік	
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА	
- 310 -	10 1997 г.
свидетельство № 14 213 - 1910 - АО	
БСН/БИН 971040000210	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ ЖЫРЫЛТАЙ ҚҰЖАТАРЫНА ӘЗЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫТЫСЫЛАР ЕҢПӘЛГЕН	
2190	БҰЙРЫГЫ
2015 ж. 19 08	
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ	
ПРИКАЗ № 2190	
- 19 -	08
20 15 г.	

«Казкоммерц Секьюритиз»

акционерлік қоғамының

(«Казкоммерцбанк» АҚ еншілес үйімі)

Ж А Р Ф Ы С Ы

1. Көмекшілік жүргізу. Осы жарфысы 2015 жылдың 19 наурыз айында өткізіледі. Оның негізгі мақасы – мемлекеттік мемлекеттік көмекшілік жүргізу жағдайда, мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

2. Көмекшілік тауарлары. Осы жарфыссында 100% мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

3. Көмекшілік тауарларынан 100% мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

4. Көмекшілік тауарларынан 100% мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

5. Көмекшілік тауарларынан 100% мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

6. Көмекшілік тауарларынан 100% мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

7. Көмекшілік тауарларынан 100% мемлекеттік көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы

Алматы қ., 2015 жыл

Акциялардың ызанынан орындауда қаржысынан жүзеге асыру көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу өткізу көмекшілік жүргізу болатын орталықтың қаржысынан жүзеге асыру.

«Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамының («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы) (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы бірегей Акционердің шешімімен («Казкоммерцбанк» АҚ директорлары кеңесінің 2015 жылғы «24» сәуірде № 4.3 хаттамасы), оның жекелеген нормаларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру үшін қабылданды.

1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРИ

1.1. Қоғам өз қызметін акционерлік қоғамының ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында жүзеге асырады.

1.2. Қоғамның казақ тіліндегі толық атауы

«Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)

Қоғамның казақ тіліндегі қысқартылған атауы:

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ

Қоғамның орыс тіліндегі толық атауы

Акционерное общество «Казкоммерц Секьюритиз» (дочерняя организация

АО «Казкоммерцбанк»)

Қоғамның орыс тіліндегі қысқартылған атауы:

АО «Казкоммерц Секьюритиз»

Қоғамның ағылшын тіліндегі толық атауы:

Joint stock company «Kazkommerts Securities» (associated company of JSC

«Kazkommertsbank»)

Қоғамның ағылшын тіліндегі қысқартылған атауы:

JSC «Kazkommerts Securities»

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 34, 3 қабат.

2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына (келісімшарттарына), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне, осы жарғыға, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

2.2. Қоғам заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, оқшауландырылған мүлігі бар және өз міндеттемелері бойынша осы мүлікпен жауап береді, өз атынан мәмілелерді (шарттар, келісімшарттарды) құра алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленеді және жүзеге асыра алады, жауапкершілік жүктеледі, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.3. Қоғамның дербес тенгерімі, банк шоттары, ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны көрсетілген мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы бар дөңгелек мөрі бар. Қоғамның өз атауы көрсетілген мөртабандары мен бланкілері, сондай-ақ тауарлық белгілері мен бейнелемесі бар.

2.4. Бірегей Акционердің мүддесі үшін пайда түсіру (коммерциялық ұйым) Қоғам қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

2.5. Қоғам қызметінің мәні болып табылады:

1) құнды қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын атаулы ұстауши ретінде жүргізу құқығы бар делдалдық және дилерлік қызмет;

2) ерікті зейнетқақылық жарналарды тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша қызмет;

3) құнды қағаздар нарығындағы қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңестік қызметтерді ұсыну;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыбым салынбаған өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

2.6. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектеусіз және өз қызметін құнды қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын атаулы ұстауши ретінде жүргізу құқығы бар делдалдық және дилерлік қызметпен айналысуға рұқсат беретін лицензияның, уәкілетті орган берген құнды қағаздар нарығында (ерікті зейнетқақылық жарналарды тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша) қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензияның негізінде жүзеге асырады.

2.7. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлердегеже асыруға құқылы.

2.8. Қоғамның жаржылық-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық және жаржылық дербестігінің негізінде жузеге асырылады.

2.9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз филиалдарын, екіншідегітерін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ашуға құқылы.

2.10. Қоғамның атаулары «Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 31.08.1995 ж. № 2444 Заңымен белгіленген еншілес ұйымдарды құруға немесе иеленуге құқығы жоқ.

2.11. Өз қызметін үйлестіру, жалпы мұдделерді қорғау және ұсыну, бірлескен жобалар мен шешімдерді жүзеге асыру үшін Қоғам басқа үқсас заңды тұлғалармен бірлесіп, ассоциациялар (одактар) және консорциумдар нысанындағы бірлестіктерді құруға құқылы.

2.12. Қоғам міндеттері мен құқықтары бойынша, Өткізу актісіне сәйкес «GRANTUM Asset Management» акционерлік қоғамының («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы) құқықтық мұрагері болып табылады.

3. БІРЕГЕЙ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Бірегей Акционер құқылы:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) осы жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтерді алуға;

3) Қоғамның бірегей Акционері және (немесе) осы жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Қоғамның жаржылық есептерімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан құнды қағаздарға меншікті нысанды растайтын көшірмелерді алуға;

5) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдеге сот жүзінде келіспеуге;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұранымдармен өтінуге және сұраным Қоғамға түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптарды алуға;

7) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін иемденуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан бөлек, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларына айырбасталатын акциялардың немесе басқа да құнды қағаздардың басым бөлігін сатып алуға;

9) Қоғамның акцияларымен берілетін құқықтардың барлығын немесе олардың бір бөлігін сенімхаттын негізінде өкілге (өкілдерге) табыстауға;

10) Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;

11) өз қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитіне тексеру жүргізуін талап етуге.

3.2. Бірегей Акционер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды пайдалана алады.

3.3. Бірегей Акционер міндетті:

1) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде тіркеушіге және бірегей Акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұсташыға Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты таратпауға;

4) Қазақстан Республикасының заннама актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

4. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

4.1. Қоғамның жарияланған акцияларының саны мен түрлері жөніндегі мәліметтер Қоғамның акцияларын шығару проспектісінде көрсетілген. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционердің және (немесе) инвесторлардың акцияларымен төлеу арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы түрінде көрсетіледі.

4.2. Қазақстан Республикасының заннамасымен қарастырылған жағдайларды есептемегендегі, Қоғам акциялары орналастырылған кезде ақшамен төленеді.

4.3. Қоғамның жарғылық капиталын арттыру Қоғамның жарияланған акцияларын орналастару арқылы жузеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМІ

5.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген акцияларды, облигацияларды шығаруға құқылы. Қоғамның құнды ғағаздарын шығару, тіркеу, орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленеді. Қоғам айырбасталатын құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

5.2. Қоғам қарапайым немесе қарапайым және артықшылығы бар акцияларды шығаруға құқылы. Қоғамның акциялары атаулы болып табылады және құжаттамасыз нысанда шығарылады.

5.3. Қоғамның құнды қағаздарын кепілге салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5.4. Тіркеуші Қоғамның құнды қағаздарын ұстаушылардың тізілімін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізу ді Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

5.5. Тіркеуші немесе атаулы ұстауши эмиссиялық құнды қағаздар бойынша құқыктарды құнды қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі және (немесе) атаулы ұстауды есепке алу жүйесіндегі және (немесе) орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі есеп шоттардың көшірмесін ұсына отырып растайды.

6. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

6.1. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган - бірегей Акционер;
- 2) басқару органдары - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРІ

7.1. Бірегей Акционер қоғамның жоғарғы органдары болып табылады.

7.2. Бірегей Акционер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы жарғымен оның өкілеттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жеке өзі қабылдайды. Бірегей Акционердің мұндай шешімдері жазбаша түрде рәсімделеді.

7.3. Бірегей Акционердің айырықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер мен қосымшаларды енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 5) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрлі акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына ауыстыру туралы шешім қабылдау, мұндай алмастырудың шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттілік ету мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттілігін тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін төленетін сыйакы мен өтемекі мөлшерін белгілеу;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 9) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 10) Қоғамның есептік қаржы жылдындағы таза табысты үлестіру тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір қарапайым акциясына дивиденд есебінің мөлшерін бекіту;
- 11) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) қоғамның өзге заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысу, немесе сомасы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше болігін тапсыру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалар катысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде, олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту, сондай-ақ жоғарыда аталып өткен әдістемеге өзгерістер енгізу;

14) бірегей Акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу, сонын ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;

15) «Алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы жарғымен шешім шығару бірегей Акционердің айырықша өкілеттілігіне жатқызылған өзге де мәселелер, немесе қаралуын және шешім қаблдауды бірегей Акционер өз өкілеттілігіне жатқызатын мәселелер.

7.4. Шешім шығару бірегей Акционердің жеке құзырына жатқызылған мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзырына беруге жол берілмейді.

7.5. Бірегей Акционер Қоғамның басқа органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша кез-келген шешімін жоққа шығаруға құқылы.

8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

8.1. Директорлар кеңесі – бірегей Акционердің айырықша құзырына жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық ететін, Қоғамды басқару органды.

8.2. Мына мәселелер Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайда, Қоғам қызметінің басты бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын белгілеу немесе Қоғамның даму жоспарын бекіту, Қоғамның жылдық бюджетін бекіту және оларға өзгертулер мен қосымшаларды енгізу;

2) жарияланған акциялар шегінде акцияларды орналастыру (сату), сонын ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акциялары мен басқа құнды қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

6) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару талаптарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Басқарманың сандық құрамын, үәкілеттік мерзімін, оның басшысы мен мүшелерін сайлауды, сондай-ақ олардың үәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау;

8) Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерін және еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;

9) Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне/жана редакциядағы Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне өзгертулер мен(немесе) толықтырулар енгізу.

Бұл ретте, егер бірегей Акционер қабылдаған шешім заңнамаға және (немесе) Қоғамның жарғысына сәйкес Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне/жана редакциядағы Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болса, онда Директорлар кеңесі Қоғамның бірегей Акционері тиісті шешім қабылдағаннан кейін Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне/жана редакциядағы Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне енгізілген өзгертулер мен (немесе) толықтыруларлы бекітеді;

10) ішкі аудит бөлімінің сандық құрамын, үәкілеттік ету мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың үәкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит бөлімінің жұмыс тәртібін, еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;

11) копоративті хатшының үәкілеттік ету мерзімін белгілеу, оның үәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ копоративті хатшының лауазымдық еңбекақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;

12) аудиторлық ұйымға қаржы есебінің аудиті үшін қызметі үшін, сондай-ақ Қоғам акцияларының төлемі үшін берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалаған бағалаушыға төленетін ақы мөлшерін белгілеу;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдаған құжаттарды қоспағанда);

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олардың ережелерін бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан артық пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешім қабылдау;

16) Он және одан артық пайыз акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысуышыларының) жалпы жиналысының құзыреттілігіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;

- 17) Қоғамның міндеттемелерін оның дербес капиталының он және одан артық пайзын құрайтын мөлшерге арттыру;
- 18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен коргалатын құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
- 19) ірі мәмілелерді және Қоғамның мұддесін көздейтін мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- 20) жарғының 9.6.т., көрсетілген мәселелері бойынша Басқарма шешімдерін алдын ала мақұлдау;
- 21) бірегей Акционердің айырықша өкілеттілігіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы жарғымен қарастырылған өзге де мәселелер.

8.3. Директорлар кеңесінің айырықша өкілеттілігіне жатқызылған мәселелер Басқарманың шешім қабылдаудына жіберілмейді. Директорлар кеңесінің айырықша өкілеттілігіне жатқазылған мәселелерден бөлек, осы жарғыға сәйкес бірегей Директорлар кеңесі Акционердің айырықша құзыретіне немесе Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелерді, сондай-ақ бірегей Акционердің шешіміне қайши шешімдерді қоспағанда, бірегей Акционердің шешімімен немесе Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауга құқылы.

8.4. Директорлар Кеңесінің мүшелерін бірегей Акционер 3 (үштен) кем емес және 5 (бестен) артық емес мөлшерде сайлайды. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленеді.

8.5. Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайзы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

8.6. Бірегей Акционер директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің уәкілеттігін алдын ала тоқтатуға құқылы.

8.7. Директорлар кеңесінің уәкілетті мүшесінің өкілеттілігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің сондай мүшесінің өкілеттілігі Директорлар кеңесінен жазбаша хабарлама алған сәттен бастап тоқтатылады.

8.8. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері директорлар Кеңесіне мүше бола алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

8.9. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады.

8.10. Директорлар кеңесінің Төрағасын оның мүшелері ашық дауыс беру арқылы, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен сайлайды. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Төрағасын кез-келген уақытта қайта сайлауга құқылы.

8.11. Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы жарғымен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

8.12. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмagan жағдайда, оның функцияларын отырыска қатысатын Директорлар кеңесінің көпшілік дауысымен сайланатын Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

8.13. Директорлар кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай өткізіліп отырады. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі немесе Басқарма Төрағасының бастамасымен немесе мыналардың талабы бойынша шақыртылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) ішкі аудит бөлімінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) бірегей Акционердің.

8.14. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар қоса берілген отырысты өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар кеңесі мүшелеріне алдын ала, отырыс өткізілетін күннен кем дегенде 3 (үш) күн бұрын жолдануы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы ақпарат, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

8.15. Директорлар кеңесін мүшесі өзінің Директорлар кеңесіне қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауы тиіс.

8.16. Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі отырыска қатысуы Директорлар кеңесі отырысының кворумы болып табылады.

8.17. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы жарғыға сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

8.18. Директорлар кеңесінің шешімдері іштей отырысты өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы, немесе сырттай дауыс берумен бірге Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беру (аралас дауыс беру) жолымен қабылданады. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін және Директорлар кеңесінің аралас дауыс беріп өткізілетін отырыстарын өткізу үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыс беру үшін бірынғай нысандағы бюллетендер таратылады. Сырттай дауыс беру бюллетенінде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан орны;
- 2) сырттай дауыс беру арқылы өткізіліп отырган Директорлар кеңесі отырысын шақыруға бастамашылық еткен тұлға туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді ұсынудың соңғы күні;
- 4) Директорлар кеңесінің іштей отырысын өткізбей сырттай берілген дауыстарды санау күні;
- 5) күн тәртібі;
- 6) егер күн тәртібінде Басқарма мүшелерін сайлау мәселесі тұрса, сайлауга ұсынылатын үміткерлердің аты-жөні;
- 7) дауыс беруге ұсынылған сұрақтардың тұжырымдамасы;
- 8) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «ушін», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен сипатталған дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетендерді толтыру) тәртібін түсіндіру.

8.19. Сырттай дауыс беру бюллетендері Директорлар кеңесі мүшесімен, осы тұлғаның жеке басын растайтын құжаттағы мәліметтерді көрсете отырып толтырылуы керек. Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетені жарамсыз деп есептеледі. Дауыстарды есептеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесі бюллетенінде берілген дауыс беру тәртібін сактай отырып, дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі белгіленген дауыстар ескеріледі.

8.20. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі Төрағасы және Директорлар кеңесі хатшысы (корпоративті хатшысы) қолын койған хаттамамен рәсімделеді. Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетендердің көшірмелерімен қоса Директорлар кеңесі мүшелеріне жолдануы тиіс.

8.21. Иштей дауыс беру тәртібінде немесе аралас дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап уш күн ішінде Директорлар кеңесінде төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы (корпоративті хатшы) қолын қойған және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қарастырылған мәліметтер баяндалған хаттамамен рәсімделеді. Сырттай дауыс беру (аралас дауыс беру) бюллетендері хаттамамен бірге хаттамалар кітабына тіркеледі.

8.22. Аса маңызды мәселелерді қараша және Директорлар кеңесіне ұсыныстарды әзірлеу үшін Қоғамда стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар, ішкі аудит және тәуекелдер, әлеуметтік мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің Комитеті құрылады. Қоғамның ішкі құжаттамасымен басқа мәселелер бойынша Директорлар кеңесі комитетінің (-терінің) құрылуы қарастырылған. Директорлар кеңесі мұндай комитеттің (-тердің) құрамын, өкілділігін, міндеттерін белгіледі.

8.23. Директорлар кеңесінің Комитеті Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің Комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Директорлар кеңесі Комитетінің басшысы (төрағасы) тәуелсіз директор болып табылады. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің Комитетінің төрағасы бола алмайды.

8.24. Директорлар Кеңесінің Комитетін қалыптастыру және жұмыс тәртібі, сондай ақ оның сандық құрамы директорлар Кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

9. БАСҚАРМА

9.1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның атқарушы алқалық органды болып табылады. Басқарма Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Басқарма Төрағасының бүйірімен Басқарма басшысы болуға уәкілділік берілген Басқарма мүшесінің бірі Басқарма басшысы болып табылады.

9.2. Басқарма бірегей Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма бірегей Акционерге және Директорлар кеңесіне есеп береді және оның алдында Қоғамның қызметі үшін және осы органдардың Басқармаға жүктеген міндеттері мен тапсырмаларын орындауга жауапты болып табылады.

9.3. Басқарма Директорлар кеңесімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы жарғыға сәйкес белгіленген тәртіпте сайланады. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

9.4. Басқарма мүшесінің қызметтері, құқыктары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен, сондай-ақ Қоғам мен Басқарма мүшелері жасасқан еңбек шартымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған үәкілді бірегей Акционер немесе Директорлар кеңесі Қоғам мен Басқарма мүшелері жасасқан еңбек шартына қол қояды. Басқарма төрағасы Қоғамның атынан Басқарманың қалған мүшелерімен жасасатын еңбек шартына қол қояды.

9.5. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы жарғымен басқа органдардың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының өкілеттілігіне жатпайтын кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

9.6. Басқарма Директорлар кеңесінің алдын ала келісімінен кейін ғана мына мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы:

1) Қоғамның ұйымдастыруышылық құрылымын бекіту;

2) Қоғамның штаттық кестесін, сондай-ақ еңбекақы қорын бекіту;

3) Қоғамның сомасы 500 000 000 (бес жұз миллион) теңгеден жогары немесе шетелдік валютага барабар мәмілелерді және/немесе өзара байланысты жиынтық мәмілелерді жасасу, мыналарды қоспағанда:

- Қоғамның ірі мәмілелерді және/немесе Қоғамның мұддесін көздейтін мәміле жасасуы. Аталған мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің айырықша өкілеттігіне жатады;

- Қоғамның құнды қағаздар нарығында өзінің дербес активтерімен мәміле жасасуы, егер мұндай мәміле ірі мәміле болып табылmasa, және/немесе Қоғамның мұддесін көзdemесе. Аталған мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау Қоғамның Инвестициялық комитетінің өкілеттілігіне жатады;

- Қоғамның құнды қағаздар нарығында Қоғам клиенттерінің активтерімен мәміле жасасуы. Аталған мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау Қоғамның Инвестициялық комитетінің өкілеттігіне жатады.

9.7. Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, Басқарманың әрбір мүшесінің өкілеттілік ету мерзімі мен еңбекақы шартын белгілейді. Директорлар кеңесі Басқарманың кез-келген мүшесінің өкілеттін мерзімін бұрын тоқтатуға құқылы.

9.8. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіліп отырады. Басқарма Бағыты Басқарма отырыстарын ұйымдастырады.

9.9. Отырысқа Басқарма Төрағасы және Басқарма мүшелерінің жартысынан көбі қатысуы, Басқарма отырысын өткізуін кворумы болып табылады. Басқарма отырысы хатшысының міндеттерін орындау үшін корпоративті хатшыны шақыртуға болады.

9.10. Басқарма отырысында мәселелерді шешу кезінде Басқарманың әрбір мүшесі бір дауыска ие болады. Басқарма отырысының шешімдері қатысып отырган Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің берген дауыстары тен түсken жағдайда, Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

9.11. Басқарма отырысында қабылданған шешімдер отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері колдарын қойған және дауыс беруге қойылған мәселелерді, әрбір Басқарма мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру корытындысын көрсете отырып, оларға дауыс беру нәтижелерін қамтитын хаттамамен рәсімделеді.

9.12. Егер қандай да бір себептер бойынша Басқарма отырысын ұйымдастыру мүмкін болмаса, онда отырысты өткізбей, сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдауға болады. Басқарманың барлық мүшелері сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер үшін дауыс берсе, онда ол шешімдер қабылданған деп есептеледі.

9.13. Басқарма төрағасы:

(1) бірегей Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

(2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

(3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оны ұсыну құқығына сенімхаттарды береді;

(4) Қоғамның қызметкерлерін қабылдауды, жылжытуды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларды есепке алмағанда), оларға қатысты ынталандыру шараларын жүзеге асырады және тәртіптік жауапкершілікке тартады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерін және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес еңбекақысына және еңбекақысына қоса устемеакыны белгілейді

және еңбекақы төлеу қорының шегінде корпоративті хатшы мен Басқарманың және ішкі аудит құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерлемесін белгілейді;

(5) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерінің орындалуын Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

(6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді және өкілеттілік пен жауапкершілік жұмыстарын бөліп береді;

(7) Бірегей Акционердің және Директорлар кенесінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы жарғымен Қоғамның осы органдарының айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, осы жарғымен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

10. АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

10.1. Қоғамның Акционері, Директорлар кенесінің мүшелері, Басқарма мүшелері міндетті:

1) ірі акционер, Директорлар кенесінің мүшесі, Басқарма мүшесі мәртебесін алған сәтten бастап 7 күн ішінде өзінің үlestes тұлғалары туралы ақпаратты Басқарма Төрағасына ұсынуға;

2) мұндан ақпарат өзгертулген/толықтырылған жағдайда, 7 күн ішінде Басқарма Төрағасына сондай өзгертулер/толықтыруларды көрсете отырып жазбаша хабарлама жолдауга.

10.2. Қоғамның үlestes тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

10.3. Қоғам Акционерге, уәкілетті органға Қоғамның төмендегідей корпоративті оқиғалары туралы ақпаратты хабарлауға міндетті:

1) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес мәселелер тізбесі бойынша бірегей Акционер мен Қоғам инвесторлары қабылдаған шешімдер жөніндегі ақпарат Акционер мен Қоғам инвесторларына мәлімет үшін жеткізуі тиіс;

2) Қоғамның акцияларды және өзге құнды қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғам шығарған құнды қағаздарды орналастыру/өтеу нәтижелері туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғам мұддесін көздейтін мәмілелерді жасасуы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан артық пайызын құрайтын сомага Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) салу;

5) Қоғамның дербес капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде заем алуы;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат алуы, Қоғамның бұдан бұрын қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алынған рұқсаттарының әрекетін тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;

7) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

8) Қоғамның мүлкіне тыбым салу;

9) Нәтижесінде теңгерімдік құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінен он және одан артық пайызды құрған Қоғам мүлкінің жойылуына әкеп соққан төтенше жағдайлар сипатындағы жағдайлардың туындауы;

10) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) сотта корпоративті дау-жанжал бойынша іс қоғау;

12) Қоғамды қайта құру (соның ішінде мәжбүрлі тұрде) немесе тарату туралы шешім;

13) Қоғам органдары құрамының өзгертуі;

14) Қоғамның дауыс беру акцияларының (үлесінің) он және одан артық пайызын иеленген Қоғам акционерлері құрамының өзгертуі;

15) Қоғамның үйымдардағы акцияларының (үлесінің, жарнапұлының) он және одан артық пайызын иеленген сондай үйимның тізімінің өзгеруі;

16) Қоғам акцияларын шығару проспектісіндегі өзгертулер;

17) Қоғамның акцияларды шығару проспектісімен қарастырылған талаптарды сактамауы туралы ақпарат;

18) Осы жарғыға, сондай-ақ Қоғамның құнды қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес, бірегей Акционердің және инвесторлардың мұдделерін қозғайтын басқа да оқиғалар;

10.4. Қоғамның корпоративті жағдайлары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасымен белгіленген мерзімде Акционерге, уәкілетті органға мәлімет үшін жеткізіледі.

10.5. Қоғам бухгалтерлік есеп және қаржы есебі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржы есебін, корпоративті оқиғалар туралы, Қоғамның жылдық қаржы есебін және аудиторлық есептерді, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және

мерзімде жылдық қорытынды бойынша атқарушы орган мүшелеріне берілетін сыйақының сомалық мелшері туралы өзге де ақпаратты дипозитарийдің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді.

10.6. Корпоративтік оқигалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы жарғыға сәйкес ұсынылады.

10.7. Қоғамның қызметі жөніндегі ақпаратты жариялау үшін Қоғам мына бұкаратлық ақпарат құралдарын пайдаланады: «Егемен Қазақстан» газеті және (немесе) Қоғамның www.kazks.kz – мемлекеттік тілдегі корпоративті web-сайты, «Казахстанская правда» газеті және (немесе) Қоғамның www.kazks.kz – орыс тіліндегі корпоративті web-сайты және (немесе) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпаратты орналастыру үшін бухгалтерлік есеп және қаржы есебі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржы есебінің депозитарий ресурсы.

11. ҚОҒАМНЫҢ ҚОҒАМ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙТІН МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

11.1. Жарғының осы бабымен қарастырылған тәртіп Қоғамның мүдделерін көздейтін төменде көрсетілген мәмілелерге қатысты болып табылады (бұдан әрі – «Мәмілелер», ал жеке – «Мәміле»). Осы баптың мәнмәтініне жататын Мәмілелерге сактандыруға, брокерлік қызмет көрсетуге және атаулы ұстауға, инвестициялық портфельді басқаруға, банктік қызмет көрсетуге байланысты мәмілелер, сондай-ақ ынтымақтастық/шығындарды жабу туралы, кеңес беру қызметтерін көрсету туралы шарттар/келісімшарттар жатады.

11.2. Қоғам Басқармасы Мәмілені (-лерді) жасау туралы шешімді алдын ала қабылдайды. Басқарма Мәмілені (-лерді) жасасу туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысында.

11.3. Мәмілені (-лерді) жасасу туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында Қоғамның кем дегенде 1 (бір) тәуелсіз директоры қатысуымен және соңғысының Мәмілені (-лерді) жасасу туралы шешімді қабылдаған жағдайда қабылдана алады.

11.4. Егер тәуелсіз директордың шығарған шешімі Қоғам Басқармасы қабылдаған шешіммен сәйкес келмесе немесе тәуелсіз директор осы мәселені Қоғамның бірегей Акционерінің қарауына беру туралы шешім қабылдаса, онда Мәмілені (-лерді) жасасу туралы мәселе Қоғамның бірегей Акционерінің қарауына ұсынылады.

12. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТ. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАКПЕРШІЛІГІ.

12.1. Қоғамның лауазымды түлғалары, үшінші түлғаларына белгісіз, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты құпия ұстауға міндетті.

12.2. Лауазымды түлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрекетімен (әрекетсіздігімен) жасаған зияны, соның ішінде төмендегідегі нәтижелердің салдарынан пайда болған шығындар үшін Қоғамның және бірегей Акционердің алдында жауптап болып табылады:

1) қате ақпаратты немесе алдын ала жалған ақпаратты ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы жарғымен белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;

3) өздерінің жеке мүддесін көздейтін ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасасу туралы және (немесе) шешім қабылдау туралы ұсыныстар жасау, соның ішінде осы сияқты мәмілелерді жасасудың нәтижесінде өздерінің немесе үлестес түлғаларының пайда (кіріс) табу мақсатында жасалған қисынсыз әрекетінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде шығынға әкеп соккан ұсыныстар.

12.3. Инсайдерлердің:

1) құнды қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәміле жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайдардан өзге, инсайдерлік ақпаратты үшінші түлғаларға беруге немесе үшінші түлғалар үшін қол жетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген құнды қағаздармен мәміле жасасу туралы ұсыныстарды үшінші түлғаларға ұсынуға құқығы жок.

12.4. Инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігіндегі ішкі бақылауды қамтамасыз ету тәртібі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

12.5. Қоғам өзінің қызметтік жағдайы мен еңбектік міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсат берілген қызметкерлердің тізімін жүргізуге міндетті.

13. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13.1. Қоғам бірегей Акционердің шешімімен уәкілетті органның рұқсаты бойынша (ерікті түрде тарату), немесе Қазақстан Республикасының заннамасымен қарастырылған жағдайда сот шешімі бойынша (мәжбүрлі түрде тарату) таратылады.

13.2. Уәкілетті органнан ерікті түрде таратуға рұқсат алған кезде Акционер таратушы комиссиясын тағайындауды, оған Қоғамның мүлкі мен істерін басқару бойынша уәкілеттіліктер беріледі. Ерікті түрде таратуға рұқсат алғаннан кейін Қоғам ол туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспа басылымдарында жариялауға міндетті.

13.3. Қоғамды ерікті түрде тарату (косу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) бірегей Акционердің шешімі бойынша уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылуы мүмкін. Уәкілетті органнан рұқсат алғаннан кейін Қоғам кемінде екі республикалық баспа басылымында Қоғамның қайта құрылуы туралы хабарландыруды жариялады. Қоғамды ерікті түрде қайта құру Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырады.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14.1. Егер осы жарғының жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заннамасымен өзгертулудағы нәтижесінде Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келсе, онда бұл ережелер жарғыға тиісті өзгертулерді енгізуіз автоматты түрде күшін жояды. Егер осы жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, онда оның басқа ережелерге қатысы болмайды. Жарамсыз ереже занды күші бар және осы қарым-қатынастарды реттеуші өзге ережемен алмастырылады.

14.2. Осы жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Бірегей Акционердің шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.


14.3. Осы жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес шешіледі.


14.4. Осы жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде құрастырылған. Қайшылықтар туындаған жағдайда, осы жарғының орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

14.5. Осы жарғы әділет органында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

14.6. Осы жарғы күшіне енген күннен бастап «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен (15.02.2007ж. № 2 хаттама) және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген 25.03.2007 ж., Қоғам жарғысының, сондай-ақ оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың күші жойылды деп есептелінеді.

бірегей Акционердің атынан:


Т.А.Ә.


(қолы)

УТВЕРЖДЕН

решением единственного Акционера

(протокол совета директоров АО «Казкоммерцбанк»)

№ 4.3 от «24» апреля 2015 года)

1.2. Уставное обозначение Общества на латинском языке:

«Kazkommerc Security Ltd. (далее в тексте «Общество»)

Сообщество с ограниченной ответственностью в Казахстане

«Kazkommerc Security Ltd.

Финансово-капитальное Общество с ограниченной ответственностью

Финансово-капитальное Общество с ограниченной ответственностью «Казкоммерцбанк» (дочернее подразделение АО «Казкоммерцбанк»)

Банковское наименование Общества на латинском языке:

«Kazkommerc Security Ltd.

Лицензийное наименование Общества на латинском языке:

Лицензия АО «Казкоммерц Банк» (лицензия номеру от РК:

«Kazkommercbank»)

У С Т А В

Акционерного общества

1.1. Место нахождения Общества: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Манаса, 100

«Казкоммерц Секьюритиз»

(дочерняя организация АО «Казкоммерцбанк»)

Республика Казахстан, международными законами о ценных бумагах, законом Республики Казахстан, нормативными правовыми актами Администрации Республики Казахстан, настоящим уставом, а также внутренними положениями, приложениями Устава.

2.2. Общество является юридическим лицом, имеющим имущество, право собственности, обособленную имущество и ответственность по своим обязательствам, может от своего имени вступать в сделки (купли-продажи, аренды), представлять имущественные и денежные требования третьим лицам и подавать исковые заявления в суды.

2.3. Общество имеет многосторонний капитал, большую часть которого составляет, содержащую его полное владение или правоотношения на правоотношения на правах организационно-правовой формы Общество имеет активы и долгосрочные обязательства по тяжелым товарным видам и ссудам.

2.4. Основной целью деятельности Общества является привлечение депозита (акционерных паев) и инвестирование полученного Акционерами.

2.5. Предметом деятельности Общества являются:

1) брокерская и инвестиционная деятельность на рынке ценных бумаг с правом выдачи кредитов и хеджирования кредиторам;

2) деятельность по управлению инвестиционными фондами без права привлечения приватных пенсионных инвесторов;

3) привлечение капитала для финансирования кредиторам с обязательством изрытия ценных бумаг;

4) осуществление иной финансовой деятельности, не противоречащей законодательству Республики Казахстан.

2.6. Общество отдает себе отчет в том, что его деятельность не может осуществлять кредиторскую деятельность путем выпуска на земельные кредиторские и долгосрочные долговые обязательства на земельных участках с правом ведения смето-членства в качестве подавляющего доляю, денежной и

Республика Казахстан

г. Алматы, 2015 год

Настоящий устав Акционерного общества «Казкоммерц Секьюритиз» (дочерняя организация АО «Казкоммерцбанк») (далее - Общество) принят решением единственного Акционера (протокол совета директоров АО «Казкоммерцбанк» № 4.3 от «24» апреля 2015 года) в целях приведения его отдельных норм в соответствие законодательству Республики Казахстан.

1. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

1.1. Общество осуществляет свою деятельность в организационно-правовой форме акционерного общества.

1.2. Полное наименование Общества на казахском языке:

«Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)

